

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында " Байқоңыр" кешенінің объектілерін және оның жұмыс істеуіне арналған арнайы жүктерді Ресей Федерациясы кәсіпорындарының ведомстволық күзет күштерінің күзетуін қамтамасыз етуі туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 22 тамыз N 937

"Байқоңыр" кешенінің объектілерін және оның жұмыс істеуіне арналған арнайы жүктерді Ресей Федерациясы кәсіпорындарының ведомстволық күзет күштерінің құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардан күзетуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында "Байқоңыр" кешенінің объектілерін және оның жұмыс істеуіне арналған арнайы жүктерді Ресей Федерациясы кәсіпорындарының ведомстволық күзет күштерінің күзетуін қамтамасыз етуі туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында "Байқоңыр" кешенінің объектілерін және оның жұмыс істеуіне арналған арнайы жүктерді Ресей Федерациясы кәсіпорындарының ведомстволық күзет күштерінің күзетуін қамтамасыз етуі туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жасасуға өкілеттік берілсін. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.30. N 1349 қаулысымен

3. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында "Байқоңыр" кешенінің объектілерін және оның жұмыс істеуіне арналған арнайы жүктерді Ресей Федерациясы кәсіпорындарының ведомстволық күзет күштерінің күзетуін қамтамасыз етуі туралы келісім жасасу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 тамыздағы N 1020 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенінің объектілерін және оның

**жұмыс істеуіне арналған арнайы жүктерді Ресей Федерациясы
кәсіпорындарының ведомстволық күзет күштерінің күзетуін
қамтамасыз етуі туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясының Үкіметі,

1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы
арасындағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартты, 1998 жылғы 6
шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ХХІ ғасырға
бағдарланған мәңгілік достық пен одақтастық туралы декларацияны, 1994 жылғы 10
желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының
Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға алу шартын, 1994 жылғы 28
наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр"
кешенін пайдаланудың негізгі қағидаттары мен шарттары туралы келісімді
басшылыққа ала отырып,

"Байқоңыр" кешенінің объектілерін және оның жұмыс істеуіне арналған арнайы
жүктерді құқық қорғау органдарының күштері сияқты, Ресей Федерациясы
кәсіпорындарының ведомстволық күзет күштерімен де құқыққа қарсы қол
сұғушылықтардан, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардан қорғауды
қамтамасыз ету қажеттілігін растай отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Ресей Федерациясы кәсіпорындарының ведомстволық күзет бөлімшелерінің "Байқоңыр" кешенінің объектілерін күзету және арнайы жүктерге еріп жүру жөніндегі қызметін құқықтық реттеу мен ұйымдастыру тәртібі осы Келісімнің мәні болып табылады.

2-бап

Осы Келісімде қолданылатын ұғымдардың мағынасы мынадай:

"ведомстволық күзет" - "Байқоңыр" кешенінің күзетілетін объектілерін және оның жұмыс істеуі үшін арнайы жүктерді құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауға арналған Ресей авиациялық-ғарыш агенттігі құратын мемлекеттік басқару органдарының, күштер мен құралдардың жиынтығы;

"құқыққа қарсы қол сұғушылық" - адамның күзетілетін объектілерге және еріп жүретін арнайы жүктерге зиян келтірген немесе келтіре алатын қасақана немесе абайсызда жасаған әрекеті немесе әрекетсіздігі;

"Байқоңыр" кешенінің күзетілетін объектілері" - 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға алу шартының 1-бабындағы 1.4-тармақта көрсетілген

ғимараттар, құрылымдар, оларда орнатылған жабдықтары бар құрылыстар, оларға жалғасып жатқан аумақтар, көлік құралдары, сондай-ақ жүктер (оның ішінде оларды тасымалдау кезінде), ақшалай қаражат және өзге де мүлік;

"арнайы жүктер" - тасығыш-зымырандар, тарату блоктары, ғарыш аппараттары, зымыран отындарының компоненттері, ғарыштық бағдарламаларды орындау үшін қажетті басқа да материалдар;

"қызметтік қару" - қызметтік атыс қаруы мен арнайы құралдар;

"қызметтік атыс қаруы" - "Байқоңыр" кешенінің объектілерін және оның жұмыс істеуіне арналған арнайы жүктерді күзетуді қамтамасыз ету мақсатында ведомстволық күзеттің лауазымды адамдарының пайдалануына арналған қару;

"арнайы құралдар" - резина таяқтар, қол кісендер, көзден жас ағызатын газ және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Ведомстволық күзет қызметкерлерінің дене күшін, арнайы құралдар мен қызметтік атыс қаруын қолдану тәртібі туралы ережеде көзделген басқа да құралдар.

3-бап

Осы Келісімді іске асыру үшін уәкілетті органдар:

Ресей Тарапынан - Ресей авиациялық-ғарыш агенттігі және Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігі.

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі.

4-бап

Ведомстволық күзет бөлімшелерінің "Байқоңыр" кешеніндегі қызметін ұйымдастыру тәртібі Ресей Федерациясының ұлттық заңнамасымен белгіленеді.

5-бап

Қызметтік қару түрлері, типтері мен модельдері, олармен ведомстволық күзет бөлімшелерін қамтамасыз ету тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының мемлекеттік кадастры енгізілгеннен кейін Ресей Федерациясы Үкіметінің қаулысымен бекітілетін Тізбеге сәйкес айқындалады.

Қызметтік қаруды Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдау Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Байқоңыр" кешенінің аумағында ведомстволық күзет бөлімшелерінің қызметтік қаруының айналымын бақылауды Ресей Федерациясының құқық қорғау органдары Қазақстан Тарапының уәкілеттік органдарымен бірлесіп қамтамасыз етеді.

6-бап

Ресей авиациялық-ғарыштық агенттігі осы Келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында арнайы жүктерге ведомстволық күзеттің қарулы карауылдарының еріп жүруін және оларды күзетуді ұйымдастырады.

Арнайы жүктерге еріп жүретін ведомстволық күзеттің қарулы карауылдарын Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы уәкілетті

органдарының рұқсаттары негізінде және Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігі беретін қаруға құжаттарды көрсеткеннен кейін жүзеге асырылады.

7-бап

Тараптардың уәкілетті органдары өзара уағдаласу бойынша жүктерді тапсырғаннан кейін қарауылдар мен қару-жарақты тұрақты орналасу пунктіне орналастыру және жөнелту жөніндегі шараларды қабылдайды.

8-бап

Ведомстволық күзет бөлімшелерін қаруландыруға немесе олардың қызметтік қаруларын жөндеуге, ауыстыруға, кәдеге жаратуға арналған қызметтік қаруды Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының рұқсаттары негізінде және Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің органдары беретін қаруға құжаттарды көрсеткеннен кейін ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Ресей Федерациясының уәкілетті органдары Қазақстан Тарапының уәкілетті органдарына Осы Келісімнің шеңберінде жүзеге асырылатын қызметтік қаруды әкелгені/әкеткені туралы жазбаша хабарлауы тиіс.

9-бап

Ресей Тарапы күзетілетін объектілердің аумағына бөтен адамдардың енуін шектеу мақсатында қоршаулар немесе ескерту белгілерін орнатады.

10-бап

"Байқоңыр" кешенінің күзетілетін объектілеріне құқыққа қарсы ену, енуге оқталу немесе қылмыстар не әкімшілік құқық бұзушылықтар жасалған жағдайда ведомстволық күзет күштерінің дене күшін, арнайы құралдарды және қызметтік атыс қаруын қолдану тәртібі осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшада белгіленген.

11-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру әрі қолдану кезінде туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптардың уәкілетті органдары консультациялар мен келіссөздер жолымен шешуге жатады.

Тараптардың уәкілетті органдары келісілген шешім қабылдамаған даулы мәселелер Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық комиссияның "Байқоңыр" кешені бойынша кіші комиссияның қарауына шығарылады.

12-бап

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделетін, осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

13-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алу мерзімі аяқталғанға дейін қолданыста болады.

Осы Келісімнің бұл мерзім аяқталғанға дейін Тараптардың бірі оның әрекетін тоқтатудың болжамалы күніне дейін 6 айдан кешіктірмей екінші Тарапқа өзінің мұндай ниеті туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы оның әрекетін тоқтата алады.

200 ____ жылғы " ____ " _____ қаласында әрқайсысы орыс және қазақ тілдеріндегі екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің де күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Ресей Федерациясының

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенінің объектілерін және оның жұмыс істеуіне арналған арнайы жүктерді Ресей Федерациясы кәсіпорындарының ведомстволық күзет күштерінің күзетуін камтамасыз етуі туралы келісімге қосымша

ВЕДОМСТВОЛЫҚ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ДЕНЕ КҮШІН, АРНАЙЫ ҚҰРАЛДАР МЕН ҚЫЗМЕТТІК АТЫС ҚАРУЫН ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1-бап Ведомстволық күзет қызметкерлерінің дене күшін, арнайы құралдарды және қызметтік атыс қаруын қолдану шарттары мен шектеулері

Ведомстволық күзет қызметкерлері "Байқоңыр" кешенінің күзетілетін объектілерінде, сондай-ақ күзетілетін объектілерден тыс жерде әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдардың ізіне түсу кезінде осы Ережеге сәйкес дене күшін, арнайы құралдарды қолдануға құқылы.

Қызметтік атыс қаруын қолдану Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына және осы Келісімге сәйкес жасалатын/жасалған құқық бұзушылықтың қоғамдық қаупі дәрежесі ескеріле отырып ерекше жағдайларда жүзеге асырылады.

Дене күшін, арнайы құралдарды немесе қызметтік атыс қаруын қолданудың әрбір фактісі бойынша ведомстволық күзет қызметкерлері Тараптардың құқық қорғау органдарына дереу хабарлайды.

Дене күшін, арнайы құралдарды немесе қызметтік атыс қаруын қолдану кезінде ведомстволық күзет қызметкерлері:

қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық қаупінің сипаты мен дәрежесіне оларды жасаған адамдардың қаупі мен қарсы әрекет жасау дәрежесіне байланысты, осы ретте келтірілетін кез келген залалдың неғұрлым аз болуына ұмтылуға міндетті;

дене күшін, арнайы құралдарды немесе қызметтік атыс қаруын қолдануды кешіктіру азаматтардың не ведомстволық күзет қызметкерлерінің өмірі немесе денсаулығы үшін тікелей қауіп төндіруі немесе өзге де ауыр салдарға әкеліп соғуы мүмкін болатын ерекше жағдайларда ескертусіз әрекет етуге құқығы бар;

дене күшін арнайы құралдарды немесе қызметтік атыс қаруын қолдану нәтижесінде дене жарақатын алған адамдарға дәрігерге дейінгі медициналық жәрдем көрсетуді қамтамасыз етуге міндетті;

Бағынысында ведомстволық күзет органдары бар кәсіпорындардың басшылары Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты дене күшін, арнайы құралдар мен қызметтік атыс қаруын қолданудың әрбір жағдайы туралы "Байқоңыр" кешеніндегі ішкі істер, Ресей Федерациясының прокуратура органдарына дереу хабарлауға міндетті. Ресей құқық қорғау органдары белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты дене күшін, арнайы құралдарды немесе қызметтік атыс қаруын қолданудың әрбір фактісі туралы "Байқоңыр" кешеніндегі Қазақстан Республикасы ІІМ-нің өкілдігіне және Қазақстан Республикасының прокуратурасына хабарлайды.

2-бап

Дене күшін қолдану

Ведомстволық күзет қызметкерлерінің қылмыстардың немесе әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды жасаған адамдарды ұстау, ведомстволық күзет қызметкерлерінің заңды талаптарына қарсылықтардың жолын кесу үшін егер оларға жүктелген лауазымдық міндеттерді орындауды өзге де амалдар қамтамасыз етпесе дене күшін қолдануға құқығы бар.

3-бап

Арнайы құралдарды қолдану

Ведомстволық күзет қызметкерлері өздеріне жүктелген лауазымдық міндеттерді орындау кезінде арнайы құралдарды:

1) "Байқоңыр" кешенінің күзетілетін объектілеріне және арнайы ілеспе жүктерге жасалған шабуылға тойтарыс беру;

2) ведомстволық күзет қызметкерлеріне немесе күзетілетін объектілердегі адамдарға жасалған шабуылды тойтару;

3) өздеріне жүктелген лауазымдық міндеттерді атқару кезінде ведомстволық күзет қызметкерлеріне құқық бұзушының қарсылық көрсетуінің жолын кесу;

4) күзетілетін объектілерде қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасау кезінде ұсталған адамдарды, егер көрсетілген адамдар жасырынуға, оның ішінде автокөлік құралында әрекеттенген болса, не болмаса ведомстволық күзет қызметкерлеріне дене күшін немесе қарулы қарсылық көрсету пиғылы бар деп ойлауға жеткілікті негіз болса, ұстау;

5) ұсталған адамдарды ведомстволық күзеттің қызметтік үй-жайына немесе ішкі істер органына жеткізу кезінде ведомстволық күзет қызметкерлеріне қарсылық көрсету ;

6) күзетілетін объектілерде көлік құралының жүргізушісі ведомстволық күзет қызметкерлерінің талаптарын орындамаса және күзетілетін объектілер қызметкерлерінің не күзетілетін объектілерде болатын адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндірсе, ведомстволық күзет қызметкерлерінің заңды талаптарына қарамастан күзетілетін объектілерге кірмекші немесе күзетілетін объектілерден шықпақшы болған кезде оны тоқтату қажеттігі туындаған жағдайларында қолдануға құқылы.

Арнайы құрал ретінде ведомстволық күзет қызметкерлері:

резина таяқтарды - осы баптың 1-3-тармақшаларында көзделген жағдайларда; көзден жас ағызатын газды - осы баптың 1-4-тармақшаларында көзделген жағдайларда ;

қолкісендерді - осы баптың 3-4-тармақшаларында көзделген жағдайларда; көлікті мәжбүрлеп тоқтату құралдарын - осы баптың 4 және 6-тармақшаларында көзделген жағдайларда ;

қызметтік иттерді - осы баптың 1-5-тармақшаларында көзделген жағдайларда қолдана алады .

Тізілген арнайы құралдардың барлығы осы Ереженің 4-бабының 1-3-тармақшаларында көзделген жағдайларда да қолданылуы мүмкін.

Ведомстволық күзет қызметкерлері қажетті қорғаныс немесе аса қажет жағдайларда арнайы құралдар мен атыс қаруы болмағанда қолына түскен кез келген ыңғайлы құралдарды пайдалануға құқылы .

Әйелдерге, мүгедектік белгілері бар адамдар мен кәмелетке толмағандарға қатысты, олар айналадағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуыл, топтасқан шабуыл, қарулы қарсылық көрсету жасағаннан басқа жағдайларда арнайы құралдарды қолдануға тыйым салынады.

4-бап. Қызметтік атыс қаруын қолдану

Ведомстволық күзет қызметкерлері өздеріне жүктелген лауазымдық міндеттерді орындау кезінде соңғы шара ретінде қызметтік атыс қаруын мынадай жағдайларда:

1) күзетілетін объектілердегі адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуылдан қорғау;

2) ведомстволық күзет қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуылды тойтару, сондай-ақ олардың атыс қаруларын тартып алу әрекеттерінің жолын кесу;

3) күзетілетін объектілердегі жеке адамдарға ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасау үстінде ұсталып, жасырынуға әрекеттенген, сондай-ақ ведомстволық күзет қызметкерлеріне қарулы қарсылық көрсеткен адамдарды тұтқындау;

4) күзетілетін объектілерге жасалған қарулы немесе топтасқан шабуылдарды басқа да құралдармен тойтару мүмкіндігі болмаған жағдайда тойтарыс беру;

5) қызметтік атыс қаруын қолдану ниеті, дабыл белгісін беру немесе көмек шақыру қажеттігі туралы ескерту;

б) ведомстволық күзет қызметкерлерінің заңды талаптарына қарамастан, күзетілетін объектілердегі қызметкерлердің немесе осы объектілердегі адамдардың өмірі мен денсаулықтарына көлік құралының жүргізушісі айқын қауіп төндіретін болса, күзетілетін объектіге кірмекші немесе объекіден шықпақшы болған жағдайда көлік құралын зақымдау жолымен тоқтату үшін қолдануға құқығы бар.

Қызметтік атыс қаруын қолдану кезінде ведомстволық күзет қызметкерлері: "Тоқта! Кері қайт!" немесе "Тоқта! Оң жақтан (сол жақтан) айналып өт!" деп дауыстау арқылы ескерту жасауға міндетті.

Жақындап келе жатқан адам бұл талаптарды орындамаған кезде күзет қызметкері тәртіп бұзушыны: "Тоқта! Атамын!" деп дауыстау арқылы ескертеді, жоғарыда аталған талаптардың барлығы орындалмаған жағдайда күзет қызметкері жоғарыға қарай ескерту оғын атады. Егер тәртіп бұзушы бұл талапты да орындамаса, күзет қызметкері қару қолданады.

Атыс қаруын бөгде адамдардың зардап шегуі мүмкін болатын, адамдар көп жиналған жерде қолдануға, сондай-ақ қарулы шабуыл жасаудан, қарулы қарсылық көрсетуден, адамдарды, көлік құралдарын кепілдікке алудан немесе топтасып шабуыл жасаудан басқа жағдайларда әйелдер мен кәмелетке толмағандарға қатысты қолдануға тыйым салынады.